

ISSN 3007-2840

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 2(186) 2025

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№2 (186) 2025

ELECTRONIC JOURNAL
№2 (186) 2025

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күәлігі берілген.

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP. Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

*Published 4 times a year
(March, June, September, December)*

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ноғайбаева Мәдиғұл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхеммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабақұмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Амерекүловна – тарихшы, PhD, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байғабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – PhD, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, PhD, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибәгул Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Еңсенов Канат Алексейұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ (Қазақстан)

Шнайдер Светлана Владимировна – археолог, т.ғ.к., Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография бөлімі (Ресей)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – PhD, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Ақбар Давурбаевич – PhD, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – PhD, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – PhD, тарихшы. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölczer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Hacı Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, PhD, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – PhD, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Iyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Yensenov Kanat – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Schneider Svetlana – archeologist, Candidate of historical sciences. Institute of Archeology and Ethnography of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences (Russia).

Besetayev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – PhD, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – PhD, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – PhD, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

ЖАҢА ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

NEW AND MODERN
HISTORY

А.К. Кайратова

Қазақстан Республикасы ІІМ

М. Есболатов атындағы Алматы академиясы, Қазақстан, Алматы

**АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ ӘДЕБИЕТТІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

Аңдатпа. Бұл мақалада Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуы мен даму үдерісі жан-жақты талданады. XIII–XV ғасырлар аралығында түркі тілдес халықтардың әдебиетінде орын алған өзгерістер, ислам дінінің, сопылық дүниетанымның, сондай-ақ сарай мәдениетінің ықпалы кеңінен қарастырылады. Мақалада жазба әдебиеттің қалыптасуына түркілік дәстүр мен парсы-араб әдебиетінің өзара ықпалының әсерін айқындай отырып, Құтб, Хорезми, Сайф Сарайи, Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгнеки т.б. сынды ақын-жазушылардың шығармаларын тарихи-әдеби контексте сараланған. Мақалада Алтын Орда кеңістігіндегі әдеби мұраның қазақ әдеби тілінің дамуындағы орны мен маңызын анықтауға баса назар аударылған. Сондай-ақ, әдебиет пен тарихи сана сабақтастығы аясында мәдени интеграция және рухани мұра жалғастығы мәселелері көтеріліп, бүгінгі ұлттық әдебиетіміздің тамыры тереңде жатқанын дәлелдейтін тұжырымдар жасалған.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Құтадғу білік, әдебиет, тарихи сана, дүниетаным, сопылық, ихсан, әдеби тіл.

Сілтеме үшін: Кайратова А.К. Алтын Орда дәуірінде әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы. // Қазақ тарихы электронды ғылыми журналы. 2025. Т. 186. No 2. 56-63 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-2-6-50>

A.K. Kairatova

Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
M. Yesbolatov Almaty Academy, Almaty, Kazakhstan**The formation and development
of literature in the golden Horde Period**

Abstract: This article provides a comprehensive analysis of the formation and development process of literature during the Golden Horde period. Changes that took place in the literature of Turkic-speaking peoples between the 13th and 15th centuries are examined, with particular attention to the influence of Islam, Sufi worldview, and palace culture. The article highlights the mutual impact of Turkic traditions and Persian-Arabic literature on the formation of written literature, analyzing the works of poets and writers such as Kutb, Khorezmi, Saif Sarai, Ahmed Yasawi, and Ahmed Yugnaki in a historical-literary context. Special emphasis is placed on determining the role and significance of the literary heritage of the Golden Horde region in the development of the Kazakh literary language. Additionally, issues of cultural integration and spiritual heritage continuity within the framework of literature and historical consciousness are discussed, with conclusions drawn that demonstrate the deep roots of today's national literature.

Keywords: Golden Horde, Kutadgu Bilig, literature, historical consciousness, worldview, Sufism, Ihsan, literary language.

For citation: Kairatova A.K. The formation and development of literature in the Golden Horde period. // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2025. Vol. 186. No. 2. Pp. 45-63 (In kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-2-6-50>

Кіріспе

Алтын Орда кезеңіндегі әдеби шығармалардың маңыздылығы олар Алтын Орда мемлекетінің өркениетті даму жолын бейнелейді. Өйткені жазбаша мәдениеттің болуы Алтын Орданың мемлекеттік деңгейде болғандығы-

ның бірден бір дәлелі. Бізге белгілі әдеби ескерткіштердің басым бөлігі Алтын Орданың гүлденген дәуірінде, яғни Алтын Орда өзінің мемлекеттілігі мен ресми дінін ислам түрінде алып, әлемдік державалармен достық дипломатиялық қарым-қатынас орната алған кезеңде жасалған.

XIII ғасырдың басында Шыңғыс ханның қол астында біріккен моңғол тайпалары жаулап алу жорықтарын бастап, мақсаты үлкен держава құру еді. XIII ғасырдың екінші жартысында Моңғолия жерінен, Дунайға дейінгі кеңістіктер Шыңғыс ұрпақтарының бақылауында болды. Пайда болғаннан кейін бірден алып империя жекелеген ұлыстарға бөлінді. Олардың ішіндегі ең үлкені Батыс Сібір, Орта Азия, Орал, Орта және Төменгі Еділ, Солтүстік Кавказ, Қырым, половцы жерлері және басқа түркі көшпелі халықтары кіретін Жошының ұрпақтарының ұлысы болды. Жошы ұлысының батыс бөлігі Жошы ханның ұлы Батыйдың ордасына айналды және көптеген дереккөздерде, атап айтқанда орыс шежірелерінде «Алтын Орда» немесе жай «Орда» атауын алды. Алтын Орда, орта ғасырлардағы ең ірі мемлекеттердің бірі болды. Оның әскери қуаты ұзақ уақыт бойы теңдесі жоқ еді. Тіпті шалғай елдердің билеушілері Ордалықтармен тығыз қарым-қатынас орнатып достық орнатуды қалады. Орда аумағында Шығыс пен Батысты байланыстыратын маңызды сауда маршруттары өтті. Ертіден Дунайға дейін созылған Алтын Орда этникалық тұрғыдан әр түрлі халықтардан – моңғолдар, Еділ бұлғарлары, орыстар, башқұрттар, мордва, Яс, черкес, грузиндер және т. б. құралды, бірақ Орда халқының негізгі бөлігін қыпшақтар құрады, алайда олардың арасында XIV ғасырда өздерінің мәдениетін, тілін және жазуын ұмытып, ақырындап ыдырай бастаған жаулап алушы тайпалардың біраз бөлігі кірді. Орданың көпұлтты сипаты бұл территорияда оған дейін сармат, гот, Хазар, Еділ Бұлғарларының мемлекеттеріне тиесілі жаулап алынған территориялармен бірге мұра болуында. Орданың мәдени өмірі көп этностықпен, сондай-ақ көшпелі және отырықшы салалардың өзара іс-қимылымен сипатталды. Алтын Орданың алғашқы кезеңінде мәдениет негізінен жаулап алған халықтардың жетістіктерін тұтыну есебінен дамыды. Бұл дегенмен Алтын Орда мәдениетінің моңғол субстратының жаулап алынған тайпаларға дербес маңызы мен ықпалы болмады деген сөз емес. Сонымен, Қазақстан тарихын зерттей отырып, түркі халықтарының мәдени-рухани өрлеуінің сол кезін талдамастан бұрын Алтын Орда уақытын айналып өтуге болмайды, себебі қазіргі тәуелсіз Қазақ елінің мемлекет ретінде тарихи даму үдерісінде ең үлкен із қалдырған ортағасырлық мемлекет. Ал енді Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына тоқталатын боламыз.

Материалдар мен әдістер

Көне заманнан бергі жазба әдеби мұраларымыздың басым бөлігі поэзия жанрында жазылған. Алтын Орда дәуіріндегі шығармалар бастапқыда лингвистикалық-тарихи тұрғыдан зерттелді және әдеби шығармалар есебінде кейіннен зерттеле бастады. Мәселен түркі руханиятының тамыры болып саналатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің өзі кейінгі 20-30 жылда әдеби деп танылды. Түркі ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесінде, бұл көне дәуірдегі аса құнды поэтикалық шығарма екені дәлелденді. Бұл ескерткіштер көне түркі тілінде тасқа қашалып жазылған алғашқы жырлар болды [Келімбетов, 1991: 141]. Орхон ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбаларының әдеби сипатын көрсете отырып, олардың қазақ эпостарымен сабақтастығын анықтаған ғалым М. Жолдасбеков Орхон ескерткіштері тарихи және батырлық жырлардың ең көне түрі деп тұжырымдайды [Қоңыратбаев, 1991: 205]. Жазбалардағы ақындық сипатының ауыз әдебиетімізге, эпос жырларымызға жақын болуы бұл ескерткіштердің түркі дүниетанымындағы ауыз әдебиеті дәстүрінің ең көне тамыры екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, олардың барлығы дерлік түрік поэзиясының тамаша үлгілері болып табылады. Бұған дәлел ретінде өлеңдердің жалпы сипаты, өзіндік стилі, сөздерін келтірсек болады. Кейінгі дәуір мұраларымен салыстырғанда Орхон жазбаларында жер-су, ру атауларынан басқа кіріс элементтер жоқтың қасы [Emers, 1995: 175]. Ал енді V-VIII ғасырдан кейін түркі әдебиеті Ислам өркениетімен тоғысып, өзгеше арнада дамыды. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның Құтты білігі, Қожа Ахмет Яссауидың Диуаны Хикметі, Махмұт Қашқаридың Диуаны Лұғат-ит түркі, Құтып ақынның Хұсрау-Шырыны, Хорезмидің Мұхаббатнамасы және т.б. шығармалардан осы бетбұрыстың белгілерін аңғаруға болады. Алайда, ислам мәдениеті, ислам өркениеті дегенді бірыңғай діни танымға, діни түсінікке негізделген ұғым деп қарастыру жат. Әрине мұсылмандықтың бастау арнасы – Құран, басты шарты – құдайға табу, дін догмаларын мойындау болғанымен, ислам әлемі, ислам мәдениеті деген ұғымның аясы әлдеқайда ауқымды. Әйгілі ғалымдардың бірі, Ә. Қоңыратбаев ислам әдебиеті деген ұғымды біркелкі құран уағызы деп түсінушілер аз болған жоқ, ислам мәдениетін 500 жыл бойы Орта Азия халықтары басынан өткерген болса, соның бәрін догмалап жіберуге

рет жоқ. Өйткені, ол мәдениеттің басты белгілері қала, егіншілік, сауда, жазу-сызу, поэзия т.б. Ал, оның бәрі Жетісу, Сыр бойы, Талас жерлерінен тараған, соның бір саласы бізге тәжік-парсы мәдениеті арқылы келген деген қорытынды жасайды [Марғұлан, 1985: 151]. Яғни ислам мәдениетінің түркі халықтары мәдениеті мен әдебиетінің даму процесінде ерекше орынға ие екендігі тарихи ақиқат. Түркі жерінде таралмас бұрын өз орнын қалап кеткен Азия, Европа, Африка құрлықтарының біршама аймақтарында ислам діні ендігі жерде жаулап алып таралуды мақсат тұтқан діни идеологиялық бағыт емес, ұлттар мен ұлыстардың мәдени, ғылыми, әдеби дәстүрлерін интеграцияға түсірген мықты қозғаушы күшке айналды. Осының нәтижесінде түркі мәдениетінің өзге мәдениеттермен араласы көбейіп, өресі биіктеді. Әл-Фараби, әл-Хорезми, Әбу Райхан-Беруни, Әбу Ғали Ибн Синадай ғұлама ғалымдар ислам түркі мәдени өрлеуінің тұңғыш ғұламалары ғана емес, барша түркі әлеміне ортақ мәдениет тарихында өшпес із қалдырған түркі даласының ірі тұлғалы перзенттері еді. Ислам дінінің енуімен түркі жазба мәдениеті өткен дәуірлермен салыстырғанда ерекше қарқынмен дамыды. Және ол, өз кезегінде ғасырларға созылған ұлттық руханияттың тірегі, ауызша әдеби үрдістің ең үздік дәстүрлері жаңаша арнадағы жазба мәдениетте жалғасын тапты. Қорқыт ата кітабы, Оғызнама сияқты әдеби-тарихи мұралар түркі жұртшылығына ауызша тараған дастандардың хатқа түсірілген үлгілері, яғни көне мұралардың жаңа шарттарда жазбаға алынған нұсқалары болатын. Қорқыт дастаны мен Оғызнаманың сюжеті, шығармадағы бейнелері қазақтың Алпамыс, Бозұлан, Бозжігіт, Қозы Көрпеш – Баян сұлу тәрізді хикая – аңыздардың сарындарына ұқсас болып отыратындығы бұл көне туындылардың ауыз әдебиеті үлгісі екендігін дәлелдей түседі [Ахметбекова, 1995: 11]. Сол себепті де аталған шығармалардың өне бойында Алтын орда дәуіріндегі ислами дүниетанымға негізделген, араб-парсы жазба әдебиетіне иек артқан жаңаша түркі жазба әдеби дәстүрінің белгілері жоқтың қасы. Ал енді Қожа Ахмет Яссауидың хикметтері – ислами, оның ішінде сопылық түркі жазба әдебиетінің тұңғыш үлгісі деуге тұрарлық туынды, Яссауи хикметтері арқылы барша мұсылман қауымының қасиетті ілімі – сопылықты тұңғыш рет түркі тілінде сөйлетті. Шариғат шарттарын сопылық дүниетанымның терең мағынасын өлең сөзбен, өрнекті тілмен түсінікті түрде қалың жұртшылыққа жеткізе алды.

Талқылау

Қожа Ахмет Яссауи Диуаны Хикмет туындысымен діни-мистикалық философияның бір мектебін қалап, сопылық орудың түркілік дәстүріне бастама ашты [Егеубаева, 1999: 101]. Сондықтан да Яссауи шығармашылығының түркі әлемі үшін тарихи-әлеуметтік мәні аса зор. Ислам діні Диуаны Хикметте суфизмнің бейімделгіштігі, иілгіштігі арқылы жергілікті халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрімен, наным-сенімімен, ғұрып- нанымдарымен жанасуда, тоғысуда, бірін-бірі толықтыруда көрінді. Ең бастысы Яссауи хикметтері түркі жұртшылығына түсінікті тілмен жеткізді. Хикметтердің түркі ауыз әдебиеті дәстүрімен ұштасып жататын жанрлық сипаты, көркемдік табиғаты осыны айғақтайды. Бір сөзбен айтқанда, Қожа Ахмет Яссауи хикметтері діни-мистикалық бейнелермен, тақырып ерекшелігімен, сипатымен түркі поэзиясы тарихындағы түбегейлі бетбұрыстың бастауы.

Түркі әдебиеті тарихи даму процесінде шоқтығы биік белестердің бірі – Қарахандар билік құрған кезең. Сатұқ Боғра ханның ислам дінін қабылдауы тұңғыш мұсылман түркі мемлекетінің құрылуына себеп болды. Ислам дінінің ресми дін ретінде қабылдануы түркі тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Қарахан мемлекеті ислам мәдениетіне бет бұрғанмен, сан ғасырлық тарихы бар көне мәдениеттен де бірден қол үзіп кетпеген. Ұйғыр хандығындағы түркі тайпалары бұл дәуірде әлі де болса буддизм, манихейзм сияқты көне діндерді ұстанатын. Қарахан дәуірінде дүниеге келген түркі әдебиетінің ең көне де көркем мұраларының бірі Жүсіп Баласағұнның Құтадғу білігінің бүгінгі күнге жеткен үш нұсқасының ең ескісінің мұсылман мәдениетінің айнасы араб әліпбиімен емес, керісінше көне ұйғыр әліпбиімен жазылуының өзі біраз жайды айғақтайды, сондай-ақ Диуаны лұғат-ат түрк, Хибат-ұл Хақайық, Мұхаббат-нама сияқты көне мұраларымыздың ұйғыр әліпбиімен жазылған нұсқалары да бар. Қарахан дәуіріндегі түркі тайпаларының тіршілігі, мәдениеті, түрлі диалектілері, ислам мәдениеті аясындағы түркі жазба әдебиетінің бастаулары және сол дәуірлерде әлі де болса қолданыстан түспеген түркі-ұйғыр жазба мәдениеті жайындағы мағлұматтарды жиі кездестіруге болады. Оған дәлелді, түркілік ілімінің ең көне де көлемді туындысы Диуаны лұғат-ат түріктен кездестіруге болады. Жоғарыда аталған Құтты білік, Диуаны лұғат-ат

түріктен басқа Ахмет Иүгнакидің Хибат-үл Хақайық және Құранның тәпсірі сияқты көлемді көркем туындылар осы дәуірде дүниеге келген. Қарахандар дәуіріндегі түркі мәдениетінің өзгеше қарқынмен дамуын зерттеушілердің біраз көпшілігі ислам дінімен байланыстырады. Ислам идеясының орта ғасырларда мемлекеттік дәрежеге көтеріліп саяси әлеуметтік танымға айналуы Қарахан мемлекетінің іргесін нығайтып, мәдениетін одан ары етек жаюына көмектесті.

Жалпы түркі өлең дәстүрінде жаңа леп әкелген Жүсіп Баласағұнның Құтты білігі, онымен қатарлас Ахмет Иүгнекидің Ақиқаттар сыйы, түркі тану ілімі мен түркі халықтарының тұңғыш әліппесі іспетті Махмұт Қашқаридың Диуаны лұғат-ит түркі сөздігі – осы Қарахандар дәуіріндегі мәдени өрістеудің, мұсылман өркениетінің түркі мәдениетіне тигізген аса игі ықпалының жемісі десек қателеспейміз. Құтты білік дастаны сол дәуірге жаңаша құрылымымен, жанрлық сюжетімен түркі әдеби мұрасындағы бірегей туындысы, классикалық түркі поэзиясының тұңғыш үлгісі. Ал енді Жүсіп Баласағұнның шығармасына келетін болсақ, оның ішкі мазмұнымен, шығармадағы басты идеясымен, жалпы бітімімен түркі дәстүрінде ағартушылық бағыттың іргесін қалады. Алайда араб-парсы поэтикалық дәстүрінің ықпалында дамыған түркі классикалық поэзиясының алғашқы үлгілерінің бірі болса да, Құтты білікті толықтай шығыстық үлгідегі шығарма деп бағалау дұрыс болмас еді. Ондағы образдар жүйесі, ақынның сөз саптауы шығыстық әсерден ада. Зерттеуші ғалым А. Егеубаевтың айқындауынша, Араб-парсы әдебиетінің әсері бар деп жүрген Құтты білік дастанында не бәрі 400-ге тарта иран-парсы сөздері кездеседі екен [Demerci, 1987: 59]. Тіпті Алла деген сөздің өзі Тәңірі, Тәңірі-тағалла сөздерінен сирек қолданылған. Құтты білік дастанындағы образдар жүйесі шығыс поэтикасындағы дәстүрлі образдардан гөрі таза көшпелі таным эстетикасына өте жақын. Мұндағы образдардың басым көпшілігі ежелгі түркілердің нанымна, дәстүріне, көшпенді жұрттың санасына жақын ұғымдардан туындайды [Demerci, 1987: 96]. Поэмада араб-парсы өлең дәстүрінен енген образдар мен сөздік тіркестер өте аз кездеседі. Сондықтан Құтты біліктің шығыстық сипаты оның өлең формасы және кейбір жанрлық шарттылықтарында ғана деп айтуға толықтай негіз бар. Ал поэманың образдар жүйесі ақынның сөз саптау салты, тіркестердің табиғаты таза түркілік дәстүрге халықтық поэтика үрдісіне ұқсас келеді. Қалай десек те,

Құтты біліктің түркі классикалық поэзиясының үлгісі екендігі мұндағы шығыстық әсердің аз немесе көп болуымен айқындалмайды, керісінше Түркітану ғылымында поэманың шығыстық сипаты немесе ұлттық бітімі төңірегіндегі даулар, пікір-талас толастамағанымен, Құтты білік түркі әдеби мұрасында түбегейлі бетбұрыстың, жаңашылдықтың бастауы болған бірегей туынды болып қала береді.

Қарахан дәуіріндегі Жүсіп Баласағұн шығармасымен сарындас тағы бір поэзиялық туынды бар. Ол, Ахмет Иүгнекидің Хибат-үл Хақайық (Ақиқаттар сыйы) поэмасы. Бұл поэма ағартушылық дәстүрде жазылған және Құтты білікке тақырып үндестігі мен идеялық үйлесімдігімен ұқсас. Бір дәуірде жазылған бұл екі туындының төркіндестігі, идея, таным бірлігінен туған рухани аясы ортақ көркемдік құбылыс [Demerci, 1987: 61]. Бұл көркемдік құбылыстың негізгі өзегі – ислам діні. Ал екі поэманың сыртқы құрылымдық ұқсастықтары мен ортақ сюжеттік композициялық шарттылықтары түркі өлеңіне сол кезеңде жаңа, тың таңбасын түсіре бастаған шығыстық поэтикалық үрдіс пен тарихи тамыры терең түркілік өлең дәстүрінің тоғысуынан туған көркемдік заңдылық. Кейінгі дәуірлерде қарқынды дамып, түркі сөз өнерін одан да биік деңгейге жеткізген түркі әлемінің классикалық поэзиясы деп аталатын өлең тарихындағы ірі процестің түбінде осы күрделі көркемдік заңдылық жатыр.

Нәтижелер

Жоғарыда аталған түркілік әдеби бастауларды атауымыз бекерден емес. Себебі, Қарахан дәуіріндегі түркілік әдебиеттің өзгеше нақышта жазылуы мен жаңғыруы, ерекше қарқында дамуы Алтын Орда дәуірінде ұлыстар орналасқан аймақтардың ірі мәдениет орталықтарында, тіпті Алтын Орданың шекарасынан шалғай жатқан Мысыр еліндегі түркі ұлыстарының жазбаша мәдениетінде жалғасын тапты. Сондай-ақ бұл дәуірде Қарахандар кезеңіндегідей ағартушылық сипаттағы шығармалар ғана емес, сонымен қатар лирикалық, эпос-жыр сарынды шығармалар көптеп жазылып басқа да жанрдағы, атап айтқанда заңгерлік, әскери іске қатысты туындылар де дүниеге келді. ХІҮ ғасырда, әсіресе, Мысыр мен Алтын Орда мемлекетінің дипломатиялық қатынастары тығыздалып, территорияларында көркемдік деңгейі аса жоғары туындылар пайда болып, араб-парсының әлемінің атақты

ақындарының әйгілі шығармаларына нәзіралар жазылады. Сырдарияның төменгі ағысында Хорезмидің Мұхаббатнамасы, Хорезм аймағында оғыз-қыпшақ тілінде жазылған «Нахж-үл Фарадис» қаламға алынып, Құтып ақын, парсының әйгілі Низами ақынның шығармасына нәзира ретінде жазған Хұсрау-Шырын поэмасы жарыққа келді. Ал, Мысыр елінде Сайф Сараидың Сағдиға жазған нәзира дастаны «Гүлстан» поэмасы, араб тілінен аударылған «Хуласа» туындысы түркі әлемі әдебиетінің сол кезеңдегі шыққан биігін танытты. Ал, араб ғалымдарының Алтын Орда мен Мысыр елін мекен еткен түркі ұлыстайпаларының тілін үйреніп, түрлі сөздіктер мен грамматикалық еңбектер жазуы-түркі әдеби тілінің өзге елдердің арасындағы атақ-беделінің көрсеткіші десек артық айтпаймыз. Сонымен қатар, қыпшақтармен тығыз байланыста болған және көрші тұрақтаған елдер сол кезеңнің саяси мұқтаждығынан қыпшақ тілін үйреніп, мәдениетін, жалпы руханиятын тануға ұмтылған кең байтақ өлкеге ықпалы жүрген қыпшақтардың тілі жайындағы көне жәдігерлердің бірі Кодекс Куманикус шығармасы болды. Ол, Еділ өзенінің төменгі ағысында, Франческо миссионер топтары тарапынан қаламға алынған түрлі қыпшақша мәтіндерден тұратын бірегей көне туынды.

Атап айтқанда, «Куманикус кодекс» (1303) сөздігі қыпшақ тілінде, парсы және латын тілдерінде де құрастырылған. Ал, ақын Хорезми болса, өлеңдерін түрік тілінде де, парсы тілінде де шығарған. Айта кету керек, Сарай қаласында мұсылман Шығысының белгілі ойшылдары, ақындары мен саяхатшылары, мәселен Құтбудиң әл-Рази, Сағуддин Тафтазани, Камал Ходжанди және басқа да әйгілі ойшылдары біраз жылдар бойы қала астанасында өмір сүріп, біраз еңбек етті. Ибн Батута, Ибн Арабшахтың саяхат жазбаларында Алтын орданың рухани өмірі, сарай ғалымдарының жоғары зияткерлік деңгейі, әсіресе аралас тілдерде (түркі, парсы және араб тілдерінде) муламмаг үлгісіндегі өлеңдер шығару жарыстары туралы қызықты мәліметтер бар. Ұлы Жошы ұлысының әдебиеті тек Алтын Орданың өзінде ғана емес сонымен қатар мәмлүк Египетінде де жасалып дамыды, өйткені мұнда XIII ғасырдың ортасынан бастап XVI ғасырдың басына дейін арғы тегі Дешті Қыпшақтан шыққан немесе Дешті-Қыпшақтан көшіп келген мәмлүктер билік етті. Ніл мен Еділ арасында тығыз саяси және ғылыми-мәдени байланыстар болды. Алтын Орданың көптеген ғалымдары, ұстаздары, жазушылары (Махмуд Сарай Гүліс-

тан, Сайф Сараи, Берке Факих және т.б.) қандай да бір себептермен Египетке көшіп, сол жерде өз жұмыстарын жалғастырды. Мамлюк Египетінде сәл кейіннәрек, яғни XVI ғасырдың басында әйгілі «Түркі Шахнамасы» авторы Шариф Ғамиди де осы аймақта өз туындысы жазып шығарды.

Алдымен, Алтын Орда дәуіріндегі мәдениеттің дамуына, қоғамдық ойдың Дешті Қыпшақ пен Мысыр арасындағы түрлі салалардағы: саяси, әскери, мәдени, әдеби, ел билеушілер арасындағы туыстық қатынастар мен байланыстар да зор ықпал еткенін атап өту керек. Дегенмен, Алтын Орда дәуірінің әдеби мұралары онша көп сақталмағаны да тарихи дерек. Сондықтан түркілік кезеңдегі мәтіндерге герменевтикалық және аксиологиялық түсіндірмелер жасау мәселесінде зерттеушілерге біршама қиындықтар туғызады. Дегенмен, атап айтатын жәйт: бұл тарихи кезеңде бұрынғы мәдени дәстүрлер қайта түлеп, Солтүстік Кавказды қоса алғанда, Дешті Қыпшақтың, Орта Азия мен Еділ бойындағы барлық этникалық топтарға ортақ жаңа мәдениет қалыптасты.

Алтын Орда әдебиеті, бір жағынан, көне түркі елдерінің сөз өнерінің озық дәстүрлерін жалғастырды. Мұнда Юсуф Баласағұни, Ахмед Ясауи, Сүлейман Бақырғани, Құл Ғали және бұрынғы түркітілдес поэзияның басқа да авторларының шығармалары құрметтеліп, жоғары бағаланды. Екінші жағынан, Алтын Орда кезеңіндегі түркі әдебиеті мұсылман шығысының жазбаша мәдениетімен тығыз байланысты дамыды. Фирдоуси, Ғазали, Низами, Аттара, Руми, әсіресе Саадидің шығармалары түпнұсқа тілінде оқылып, сондай-ақ түрлі аудармалар мен түсіндірмелерде де оқылды. Тіпті кейбір сарай ғимараттарының қабырғалары Саадидің өлең жоларымен жазылып, қашалып безендірілді.

Орта ғасырлар әдебиеті туралы сөз болғанда, ауызша өнер туындылары мен жазба ескерткіштердің басқа түрлерінің арасында қандай да бір шекаралардың жоқ екенін есте ұстаған жөн, олар жиі араласып тұрды. Мәселен, Махмуд Бұлғаридің «Нахдж әл-фарадис» (1358) еңбегі бір мезгілде эстетикалық, танымдық және діни-этикалық қызметтерді атқарады.

Алтын Орда әдебиеті туралы әр тілде жазылған көптеген еңбектер бар. Әсіресе, «Татар әдебиеті тарихының» бірінші томының едәуір бөлігі осы кезеңге арналған [Миннегулов, 1993: 145]. Жошы Ұлысының сөз өнері туралы «VIII-XVIII ғасырлардағы ортағасырлық татар әдебиеті» кітабында көптеген деректер мен байқаулар

бар. Сондай-ақ Х. Ю. Миннегуловтың монографияларында [Исламов: 1998: 155], Р.Ф. Исламов [Наджип, 2007: 188] және басқа авторлардың еңбектерінде маңызды ақпараттар кездеседі.

Алтын Орда әдебиеті жанрлық сан алуандығымен, идеялық-эстетикалық байлығымен, талғампаз стилі мен тілімен ерекшеленеді. Ол түпнұсқа және аударылған шығармалармен, проза мен поэзиямен, нәзирамен (яғни, ақындық жауаптармен) және т. б. ұсынылған.

Жошы Ұлысының жазушылары өз шығармаларын хикаят, қисса, дастан, поэма, ғазал, қасида, фабула, т.б. жанрларда жазған. оның қатарында Құтбтың «Хұсрау пен Шырын» поэтикалық романы да бар. Рабғузи, Махмуд Булгари, Сайф Сарайдың көлемді кітаптары «сандық композиция» деп аталатын жанрдың үлгісі болып саналады. Көркемдік концепцияны жүзеге асыру кезінде авторлар фольклор мен мифология, діни және тарихи кітаптар, өткен дәуір әдебиеті материалдарымен, сондай-ақ фактілерімен еркін жұмыс істегенін аңғаруға болады. Мысалы, Берке Факих өлеңінде автордың тағдыры жазылған: оның Дешті Қыпшақтан Мәмлүк Египетіне көшуі, қиын өмірі ауқымды баяндалады. Ал Рабғузи араб авторларының жазбаларынан құранның алынған сюжеттер мен бейнелерді қолданады.

Ал, Ордадағы тілдік мәселеге келетін болсақ, мәмлүк қыпшақтарының билікке келуімен Мысырда қыпшақ тілі ресми тіл болса, Алтын Ордада мемлекеттік тіл қыпшақ тілі болғанын белгілі түркітанушы Ә.Нәжіп: «XIV ғасырда Алтын Ордадағы әдеби қызмет едәуір ауқымға ие болды. Оның құрамына Хорезмнің солтүстік бөлігі кіре отырып, Ордадағы Мемлекеттік тіл қыпшақ тілі болды» [Турсунов, 1995: 77] – деп атап көрсетті.

Алтын Орда жазба мұрасы, негізінен, екі бағытта дамыды. Біріншісі Орданың астанасы – Сарай болса, екіншісі – Хорезм. Осы екі орталықта түркі жазба тілінде (оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз, қарлұқ-оғыз-қыпшақ) әдеби жәдігерлер жазылды. Сарайда дүниеге келген шығармаларда қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдеріне басымдық берілген болса, ал Хорезмдік жазба жәдігерлер қарлұқ-оғыз-қыпшақ тілдерінің аясында дамыды [Екман, 2003: 133].

Түркі жазба тіліндегі «-д»-«з» диалект Қарахандықтар тұсында дүниеге келген әдеби жәдігерлерге тән қасиет еді. «И» дыбысының орнына «з» қолдану Мәуераннаһр аймағын мекендеген шігіл тайпаларының ерекшелігі болатын. Кейіннен осы өлкенің Қарахандықтар билігінің

астына қарауымен, «з» диалекті жазба тілге айтарлықтай әсер етті. Бұл үрдіс XIV-XV ғғ. дейін жалғасты. Алтын Орданың Хорезм аймағындағы әдеби тіл Қарахандықтар тұсындағы дәстүрлі әдеби тілдің негізіне оғыз, қыпшақ элементтерінің әсерімен қалыптасты. Хорезмдік жазба жәдігерлерде үш тілдің элементтерінің де барлығын алға тартқан түркітанушы Ж.Екман бұл әдеби тілді «Хорезм түркішесі» деп атаған. «Қиссәсул-әнбия», «Нәһжүл-фәрадис», «Сиражүл-қулуб», «Мұғинул мүрид» секілді т.б. шығармалар осы жазба тілде дүниеге келді. Бұл түркі жазба тілінің дамуындағы өзіндік ерекшелігі екенін ерекше айта кеткен жөн.

Дешті Қыпшақ, Хорезм, Солтүстік Кавказ, Қырым және Бұлғар секілді кең байтақ өлкені тұтастай қамтыған Алтын Орда мемлекетінің құрамына сол кездегі түркі тайпаларының көбісі кірген. Сондықтан да осы алып империяның тұсында дүниеге келген әдеби һәм мәдени ескерткіштердің жазылуы мен дүниеге келуіне бүгінгі мұсылман түркі халықтарының әрқайсысының өзіндік үлесі бар екендігі дау тудырмайды. Сол себепті тарих қойнауына енген Алтын Ордалық жәдігерлерді тек бір ұлттың ғана еншісіне таңу немесе Хорезмдік әдеби ескерткіштердің тілін «ескі өзбек тілі» деп, бір жақты ғана қарастыру ағаттық болар еді. Осы орайда белгілі түркітанушы Ә. Нәжіптің: «Қазіргі қазақ халқының ата – бабалары Алтын Орда халқының негізгі бөлігін, әсіресе мемлекеттің ең мәдени бөліктерінің бірі – Ақ Орданы құрады. Еділдің төменгі ағысында, Солтүстік Хорезмде және Мәмлүктік Египет жерлерінде, қазіргі қазақтардың тікелей ата-бабалары, қыпшақтар маңызды рөл атқарды. Сондықтан, аталған аумақтардағы сол кезде жасалған әдеби ескерткіштерді зерттеу, қазақ тарихшыларының, филологтарының кезек күттірмейтін мәселесі болып табылады» [Наджип, 2004: 190]– деп, Алтын Орданың құрамына бүгінгі қазақ халқының ата бабаларының да кіргенін, сондай-ақ Волга, Хорезм және Мысырлық әдеби-мәдени ескерткіштерде қазақтардың да үлесі бар екенін ерекше атап өтуіне қарап, ғалымның бұл мәселеге бір ұлттың шеңберінде емес, түркі халықтарына ортақ рухпен келгенін аңғаруға болады.

Түркі халықтарының сөз өнеріне деген ерекше ықыласының нәтижесінде XIII-XV ғғ. бір жағы Сарай ордасы, екінші жағы Хорезм аймағымен ұштасып жатқан кең байтақ өлкеде түркі жазба тілінде (оғыз-қыпшақ-қарлұқ, қыпшақ-оғыз-қарлұқ, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз диа-

лектілері негізінде) бірнеше діни дидактикалық, діни-танымдық, сопылық және ғашықтық көркем шығармалар жазылды.

Сонымен, Алтын Орда дәуірінің әдеби ескерткіштері Алтын Ордадағы ислам тарихының да баға жетпес қайнар көзі болып табылады. Әрине, көркем шығармалар исламның халық арасында кең таралғандығын айғақтайтын, «Қысас әл-анбия», «Нахдж Әл Фарадис» сынды діни дидактикалық шығармаларының көптеген қолжазба тізімдері де дәлел. Онда, ислам туралы кең және жан-жақты білім барлығына қарапайым және түсінікті тілмен берілген. Мұндай кітаптар түркі халқтарының менталитетіне сәйкес келді. Оларда келтірілген тарихи эпизодтар мен күнделікті мысалдардың арқасында, шынайылыққа, нақты өмірге өте жақын десек болады. Осылайша, кез-келген түркі – мұсылман ислам туралы толық және жан – жақты түсінікке ие болды. Сондықтан, бұл кітаптар автордың көзі тірісінде де, одан кейін де қалалық және дала түріктері арасында кең таралды.

Алтын Орда ақындары мен прозашылары адам өмірі мен болмысының сан алуан мәселелерін қозғайды. Ондағы сюжеттер моральдық – этикалық мәселелер, өмірдің мәні, қоғамның құрылымы, адамның Құдайға деген көзқарасы, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы қарым – қатынасы, махаббат және т.б. тақырыптар құрайды. Және адамгершілік, парасат, білім эстетикалық идеалдың негізгі құрамдас бөліктері болып саналды. Халық игілігі үшін өмір сүріп, еңбек ету, артына жақсы ат қалдыру – өмірдің мәні деп түсінді.

Барша адамзат болмысының дамуына септігі тиген осындай мұсылмандық ренессанстың бір ұшы Дешті қыпшақ даласында жатты. Түркі қағанатынан кейін көп уақыт өтпей-ақ бой көтерген Қарахандықтар мен Алтын Орда билігі тұсында ұлттық әдебиетіміздің асыл жауһарлары дүниеге келді. Мұны Ислам дінінің ғалым-ғұламалар мен ақын-шайырлардың ізденуіне бөгет болмастан, қайта оларға шабыт бере білгендігімен байланыстыруға негіз бар.

Қарахандықтар билігі мен Алтын Орда билігі тұсында жазылған шығармаларда иман мен ихсан мәселелері кеңінен жырланды. Соның ішінде сенімде – Имам Матуриди, фикһта – Әбу Ханифа жолын ұстанған түркілер осы ғұламалардың қалдырған ізін Дешті қыпшақ даласында кеңінен насихаттады. Әбу Ханифа мәзһабын ауам халыққа түсіндіріп беру мақсатымен прозалық һәм поэзиялық шығармалар жазылды.

Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи өз шығармалары арқылы кемелдік ұстындарын кеңінен жырлады. Тарикатқа шариғатсыз кіріп болмайтынын баса айтқан ақын ақиқатқа жетудің кілігі құлшылықта жатқанын даналық сөздері арқылы жеткізді. Оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани ихсан мәселесімен бірге Исламдағы бес парызды да кеңінен қозғады. Намаз, ораза, зекет және қажылық амалдарын жүйелі орындауға шақырған Бақырғани, Әбу Ханифаның дүниеге келу туралы «Жарты алма» дастанын жазды. Имам Ағзамның өнегелі өмірін сөз ету арқылы оның салған сара жолын да кеңінен насихаттады.

Алтын Орда тұсында жазылған ислами әдебиет тақырыбының әралуандығымен ерекшеленеді. Қарахандықтар билігі тұсында, негізінен, ихсан мәселесі сөз болған болса, XIII-XV ғғ. дүниеге келген жәдігерлерде Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жиі көтерілгенін аңғарамыз. Пайғамбарлар тарихы, Мұхамедтің (с.ғ.с.) хадистері, Әбу Ханифа мәзһабы бойынша құлшылық жасау әдептері барша халыққа түсінікті түркі тілінде жазылды. Ең бастысы – Имам Ағзам фикһы бойынша құлшылық жасау шарттары өлең сөзбен өрнектеліп берілді. Осыдан-ақ Әбу Ханифа мәзһабының жалпы халықтық сипат алып, түркілердің арасына кеңінен тарағанының күәсі боламыз.

Қорытынды

Сонымен, көне түркі мен оғыз – қыпшақ замандарында қалыптасқан рухани мәдениет тоқырамай, өз сипатында жалғасын тапты. Атап айтқанда, Түрік қағанаты тұсында өмір сүрген Йолығтегіннен бастау алған авторлық әдебиет бұл шақта әлсіреген жоқ. Керісінше, ол жыраулық үлгіде көрініс беріп, үлкен мәнге ие болды. Мұны өз уақытында ұлық жыршы атанған, Кетбұғаның, Қотанның, Сыпыра сынды жыраулардың шығармаларының жалғасы түрінде жеткен, жекелеген өлең шумақтарынан көруге болады. Өкінішке орай, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы нақты мәлімет өте аз. Бізге белгілісі, олардың XIII – XV ғасырлар аралығында өмір сүргендігі. Сан жағынан аз болса да, бүгінде бәрімізге белгілі бұл мәтіндер өзінің мазмұны жағынан да, поэзиялық тұрғыдан да сол дәуірдегі әдебиет туралы, қажетті дәрежеде мағлұмат бере алады. Сонымен қатар, сипаты жағына олар жыраулар поэзиясына тән болып келеді. Демек, аталмыш авторлар Алтын Орда

дәуірінде – ақ жыраулық әдебиетті қалыптастырған. Қорытындай келе, Дешті Қыпшақта негізі қаланған Түркі мемлекеті Алтын Ордада

XIII – XV ғасырларда ғылым, мәдениет және әдебиет едәуір дамып, бүкіл әлемге таныла бастаған.

Әдебиеттер

- Ахметбекова А.К. Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы. Автореферат. – Алматы, 1995. – 23 б.
Демерджи Ж. Muqaddimetil-Gazneviyye fil-ibadat (Ziyaül-Maneviyye) tercümesi. – Ankara, 1987.
Егеубаева А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. – Алматы: Айкос, 1999. – 204 б.
Екман Ж. Хarezм, Кыпчак ве чағатай түрікчесі үзегіне араштырмалар. – Анкара, 2003. – 155 с.
Ermers R. Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians. – Nijmegen, 1995. – 260 p.
Исламов Р.Ф. Алтын Урда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдәни бағланышлар. – Казан: Матбугат йорты, 1998. – 249 б.
Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 328 б.
Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар // Ғылыми зерттеу мақалалар / құраст.: Бердібаев Р. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
Миннегулов Х.Ю. Татарская литература и восточная классика: Вопросы взаимосвязей и поэтики. – Казань, 1993. – 243 с.
Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан: Туран, 2004. – 276 с.
Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – 261 с.
Турсунов У., Уринбоев Б., Алиев А. Узбек адабий тили тарихи. – Тошкент: Уқитувчи, 1995. – 91 б.

References

- Akhmetbekova, A.K. The Creativity of Khoja Ahmed Yasawi. Author's abstract. Almaty, 1995. 23 p. [in eng]
Demerci, J. Muqaddimet al-Ghaznewiyya fil-Ibadat (Ziya al-Maneviyya). Translation. Ankara, 1987. [in eng]
Egeubaeva, A. The Artistic System of Ancient Kazakh Literature. Almaty: Aykos, 1999. 204 p. [in eng]
Ekman, Zh. Studies on Khwarezmian, Kipchak, and Chagatai Turkic. Ankara, 2003. 155 p. [in eng]
Ermers, R. Turkic Forms in Arabic Structures: The Description of Turkic by Arabic Grammarians. Nijmegen, 1995. 260 p. [in eng]
Islamov, R.F. The Golden Horde and Mamluk Egypt: Written Heritage and Cultural Ties. Kazan: Matbugat Yorty, 1998. 249 p. [in eng]
Kelimbetov, N. Ancient Era Literature. Almaty: Ana Tili, 1991. 264 p. [in eng]
Konyratbayev, A., Konyratbayev, T. Writings of Ancient Culture. Almaty: Kazakh University, 1991. 400 p. [in eng]
Margulan, A. Ancient Poems and Legends // In: Scientific Research Articles / comp. R. Berdibayev. Almaty: Zhazushy, 1985. 368 p. [in eng]
Minnegulov, Kh.Yu. Tatar Literature and Eastern Classics: Issues of Interconnection and Poetics. Kazan, 1993. 243 p. [in eng]
Nadjip, E. Culture and Turkic-Language Literature of Mamluk Egypt in the 14th Century. Turkestan: Turan, 2004. 276 p. [in eng]
Nadjip, E. Regions and Stages in the Formation of Turkic Written Languages and Literatures. Turkestan: Turan, 2007. 261 p. [in eng]
Tursunov, U., Urinboev, B., Aliev, A. History of the Uzbek Literary Language. Tashkent: Uqituvchi, 1995. 91 p. [in eng]
Zholdasbekov, M. Noble Origins. Almaty: Zhazushy, 1968. 328 p. [in eng]

МАЗМҰНЫ

Жаңа және қазіргі замандағы Қазақсан

Дадабаева Г., Мейманбаева Ф. 1930–40 жж. халықты қоныстандырудың бір түрі ретінде жер аудары (Қазақстан мысалында).....	4
Әбубәкір М.Н. XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы Алаш қозғалысының құрылымдық-институционалдық қызметі: тарихи талдау	14
Қ.А. Искаков Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің пантеондық қызметі.....	23

Археология

Халилов Т. Жаңа археологиялық табыстар, Әзірбайжанның орта ғасырлар тарихына қатысты	30
---	----

Этнология

Габдулина А.Ж., Алиакбарова А. П., Әділбаева А.С., Оспанова А.К. Орталық Азиядағы су ресурстары: өзекті мәселелер, даму стратегиясы және Қазақстан тәжірибесі	42
Тагиева Г. Р. Мұхаммед Хүсейн Шахдиярдың поэзиясындағы этнографиялық кеңістікте дәстүрлі тағамдар мен сусындардың бейнеленуі.....	50

Ортағасырлық Қазақстан

Кайратова А.К. Алтын Орда дәуірінде әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы.....	56
---	----

CONTENTS

New and modern Kazakhsan

G. Dadabayeva, F. Meimanbayeva Deportation as a form of population resettlement in the 1930-40S (the Case of Kazakhstan).....	4
M.N.Abubakir The structural and institutional activities of the Alash movement in East Kazakhstan in the early 20th century: a historical analysis	14
K. Iskakov Pantheon role of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi.....	23

Archaeology

T. Khalilov New archaeological discoveries related to the history of Azerbaijan in the medieval period	30
---	----

Ethnology

A.Zh. Gabdulina, A.P. Aliakbarova, A.S. Adilbayeva, A.K. Ospanova Water resources of Central Asia: challenges and development strategy, Kazakhstan's experience	42
G.R. Taghiyeva Representations of traditional food and beverage in the ethnographic landscape of Muhammad Huseyn Shahriyar's poetry.....	50

Medieval Kazakhstan

A.K. Kairatova The formation and development of literature in the golden Horde Period.....	56
---	----